



080012, Тараз қаласы, Әйтеке би көшесі, 13  
Тел.: 8(7262) 45-08-83, факс: 8(7262) 45-08-83

080012, город Тараз, ул. Айтеке би, 13  
Тел.: 8(7262) 45-08-83, факс: 8(7262) 45-08-83

№ \_\_\_\_\_

## Жамбыл облысы аумағында одан әрі шектеу шаралары туралы ҚАУЛЫ

«28» желтоқсан 2020жыл

№ 41

Тараз қаласы

Мен, Жамбыл облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Муликова Неили Орынбасаровна, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 9,36 баптары, 1 тармағының 4 тармақшасы және 38 бабы, 2 тармағының 3- тармақшасы, 102,104, 107 баптары негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы «Пайда болу және қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» №130 бұйрығына және Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына:

- 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирусты инфекцияның алдын алу бойынша одан әрі шараларды күшейту туралы» №67;

- 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Карантинді шектеу шаралары туралы және оны біртіндеп жеңілдету туралы» № 68 Жамбыл облысы аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жамбыл облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің Қаулыларының күші жойылсын

- 2020 жылғы 27 қазандағы «Жамбыл облысы аумағында карантиндік шараларды шектеу туралы» № 39 ;

- 2020 жылғы 5 қарашадағы «Жамбыл облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

000005



туралы» №40 .

2. Жамбыл облысы аумағында Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы Қаулыларын басшылыққа алу қажет.

3. Тараз қалалық және Жамбыл облысының аудандық Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Тараз қаласы және аудан әкімдеріне, Жамбыл облысы ішкі саясат басқармасына:

1) Осы Қаулыны барлық мүдделі ведомстволар мен халыққа бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырып, жеткізу қажет.

2) Облыс халқының арасында COVID-19 инфекциясының таралуына қарсы іс-шаралар қабылдау туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізсін.

5. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Жамбыл облысы,  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері



Муликова Н.